

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі № 839 "

Қазақстан Республикасында халықты туберкулезден қорғаудың шұғыл шаралары туралы" Қаулысын жүзеге асыру туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімінің 1998 жылғы 22 қазандағы № 821 шешімі. Қызылорда облысының Әділет басқармасында 1998 жылғы 28 желтоқсанда № 69 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы № 247 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 20.12.2004 № 247 қаулысымен.

Эпидемиялық сипат алған туберкулезбен науқастану және қайтыс болу оқиғаларының өршуіне байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 839 "Қазақстан Республикасында халықты туберкулезден қорғаудың шұғыл шаралары туралы" қаулысын жүзеге асыру мақсатында **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Облыс әкімінің 1998 жылғы 18 наурыздағы N 692 "Облыс халқын туберкулезден қорғаудың шұғыл шаралары туралы" шешімімен құрылған туберкулезбен күресу жөніндегі Облыстық үйлестіру кеңесінің құрамына өзгерістер енгізілсін (1 қосымша бойынша).

Туберкулезбен күресу жөніндегі облыстық үйлестіру кеңесі туралы ереже бекітілсін (2 қосымша).

2. Аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдеріне:

-туберкулезбен күресу жөніндегі аудандық және қалалық үйлестіру кеңестерінің жұмыстарын жандандыру міндеттелсін;

-бір айлық мерзім ішінде туберкулезбен күресу жөніндегі кеңестердің отырыстарында туберкулезге қарсы жұмыстардың жәй-күйі туралы мәселені қарап, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған туберкулезді емдеу, алдын алу және нықтаудың жаңа принциптерін іс жүзіне енгізу жөнінде нақты шаралар **қаралсын;**

-туберкулезге қарсы күресу шараларын жүзеге асыру үшін ұйымдар мен мекемелердің бюджеттен тыс, демеушілік қаражаттарын тартуға ықпал етілсін.

3. Облыстық қаржы басқармасына (Қ.Әжібеков), аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдеріне:

-екі айлық мерзімде туберкулезге қарсы күресу қызметін қаржыландыру механизмі қайта қаралсын;

-туберкулезге қарсы күресу мекемелері үшін облыстық бюджеттің медициналық жабдықтарды, туберкулезге қарсы препараттарды орталықтандырып сатып алуға және күрделі жөндеуге жыл сайынғы қаражат бөлінімі ескерілсін;

-туберкулездің залалды түрімен ауырғандарға мемлекеттік тұрғын үй қорынан бөлінетін тұрғын үй алаңын берген кезде Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынасы туралы" Заңының 118 бабындағы талаптары басшылыққа алынсын.

4. Облыстық қаржы басқармасына:

-жергілікті бюджеттен туберкулезге қарсы күресу қызметін қаржыландыруға арналған жеке тармақ енгізілсін;

-туберкулезге қарсы күресу жөніндегі шараларға бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдалануын мерзімді түрде тексеріп отырсын.

5. Облыстық ауыл шаруашылығы департаментіне (Н.Жолдасбаев) 1998 жылдың 15 желтоқсанына дейін ауылшаруашылық жануарлары мен құстарының арасындағы туберкулез бен бруцеллездің алдын алу және оған қарсы күрес бағдарламасын жасап, облыс әкіміне бекітуге ұсынсын.

6. Облыстық ауыл шаруашылығы департаментіне, аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдеріне:

-меншік түріне қарамастан барлық шаруашылықтағы ауылшаруашылық жануарлары туберкулезге тексерілсін;

-мал дәрігерлік қызметі нығайтылсын;

-мал бағу фермалары жұмыскерлеріне қауіпсіз еңбек жағдайы жасалынсын;

-мал өнімдерін өндіру және сатумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар меншік түріне қарамастан, белгіленген мал дәрігерлік-санитарлық талаптарды сақтасын.

7. Ішкі істер басқармасына (Т.Рахимов), облыстық денсаулық сақтау басқармасына (Б.Исмаханбетов):

-облыс көлеміне тұрғылықты мекендеуге келген, сонымен қатар қамау орындарынан босаған адамдар туберкулезге міндетті флюорографиялық тексеруден өткізілсін;

-тергеу оқшаулауларындағы тергеуге алынған адамдарды түскен кезінде және жарты жыл сайын, түзету мекемелеріндегі сотталғандарды жылына екі рет міндетті флюорографиялық тексеруден өткізу қамтамасыз етілсін;

-бас еркінен айыру мекемелерінен босаған, туберкулезбен ауыратындардың бірыңғай дерек қоры (банкі) жасалынсын.

8. Облыстық әскери комиссариаты (О.Петроченков), облыстық білім департаменті (Ә.Мүсілімов) және облыстық денсаулық сақтау басқармасына

әскерге шақыру жасындағы адамдардың ішінен туберкулез дертіне шалдыққандарды айқындау және емдеу жөніндегі қажетті шаралар қабылдансын.

9. Облыстық денсаулық сақтау басқармасына:

-барлық туберкулезге қарсы күресу мекемелерінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының әдістемесі бойынша ерте бактериоскопиялық диагноз қою және бақыланатын қысқа мерзімді химиялық терапиясын енгізісін;

-туберкулезді айқындау және емдеудің Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынған әдістемесі бойынша туберкулезге қарсы күресу мекемелерінің мамандары, денсаулық сақтау ісінің жалпы торабындағы мамандардың қажетті саны оқытылсын;

-алғашқы дәрігерлік-санитарлық көмектің емдеу-профилактикалық мекемелерінің талабына сәйкес туберкулезді бактериоскопия әдісімен анықтауға қажетті құрал және жабдықтармен жасақтасын;

-туберкулезге қарсы күресу қызметіне медициналық мүліктер, дезинфекциялық жабдықтар, микроскоптарды тендерлік негізде бір орталықтан сатып алу жүктелсін;

-туберкулезді Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының әдістемесі бойынша емдеуді толығымен жүргізу үшін қажетті туберкулезге қарсы препараттар қорымен барлық туберкулезге қарсы күресу мекемелерін қамтамасыз етсін;

-бакылап емдеу бекеттері қалпына келтіріліп, жұмысы жандандырылсын.

10. Облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасына (А.Жұмабаев), облыстық денсаулық сақтау басқармасына. облыстық санитарлық-эпидемиологиялық станциясына (Е.Қуандықов):

- барлық көпшілік ақпарат құралдары арқылы туберкулездің алдын алу мәселелері бойынша кең ұғындыру науқанын бастасын;

- халық арасында туберкулездің алдын алу бойынша санитарлық-гигиеналық білімді кеңінен насихаттайтын дәрігер мамандарға эфирлік уақытты тегін бере отырып, тұрақты жұмыс істеуші айдар ашылсын.

11. Бұл шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.Ерімбетовке жүктелсін.

Әкім

Б. САПАРБАЕВ

1998 жылғы "22" қазандағы

облыс әкімінің № 821

шешіміне № 1 қосымша

Туберкулезге қарсы күресу облыстық үйлестіру кеңесінің

ҚҰРАМЫ

Н.Ерімбетов - облыс әкімінің орынбасары, төрағасы

Б.Исмаханбетов - облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы, төрағаның орынбасары

Е.Қуандықов - облыстық санэпидемстанциясының бас дәрігері, төрағаның орынбасары

Мүшелері:

Б.Досманбетов - Қызылорда қаласының әкімі, арнайы экономикалық аймағы әкімшілік кеңесінің төрағасы

Қ.Әжібеков - облыстық қаржы басқармасының бастығы

Т.Рахимов - облыстық ішкі істер басқармасының бастығы

Ә.Мүсілімов - облыстық білім департаментінің бастығы

Т.Пазылхаиров - облыстық туберкулезге қарсы диспансердің бас дәрігері

А.Жұмабаев - облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бастығы

Н.Жолдасбаев - облыстық ауыл шаруашылығы департаментінің бастығы

1998 жылғы "22" қазандағы

облыс әкімінің № 821

шешіміне № 2 қосымша

Туберкулезбен күресу жөніндегі облыстық үйлестіру кеңесі туралы

ЕРЕЖЕ

1. Туберкулезбен күресу жөніндегі облыстық үйлестіру кеңесі облыс әкімі жанындағы консультативтік-кеңесу органы болып табылады (Бұдан әрі - кеңес).

2. Аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдері жанынан туберкулезбен күресудің аудандық және қалалық кеңестері құрылады.

3. Кеңес құрамына білім және ауыл шаруашылық департаменттері, облыстық денсаулық сақтау, ішкі істер, қаржы басқармалары, облыстық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы және облыстық туберкулезге қарсы күресу диспансер өкілдері енеді.

4. Туберкулезбен күресу бойынша кеңес:

-туберкулезге қарсы күресуді ұйымдастыру мәселелері бойынша аудан, қала атқарушы органдарының, басқармалар мен мекемелердің жұмыстарын үйлестіруге қатысады;

-денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, малдәрігерлік, ішкі істер және басқа мемлекеттік органдары басшыларының туберкулезге қарсы күресудің жағдайлары туралы өткізіліп жатқан іс-шараларын алдын ала тексеру арқылы ақпараттарын тыңдайды;

-облыс әкімінің алдына туберкулезге қарсы күресті жетілдіру бойынша нақтыланған ұсыныстарын қарауға ұсынады.

5. Кеңес мәжілістері тоқсан сайын өткізіледі. Іс жоспарлары кеңес мәжілісінде бекітіледі.

6. Кеңес жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етуді облыстық денсаулық сақтау басқармасы жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК